

Кукилер саясаты

Панельдер мен сауалнамалар үшін

Соңғы рет өзгертілген күні: 24 мамыр, 2018 жыл

Мазмұны

1	Кукилер, ұқсас технологиялар және тіркеу файлдары туралы	2
1.1	Кукилер деген не?	2
1.2	Жергілікті сақтау орны деген не?	2
1.3	Капча деген не?	2
1.4	Тіркеу деректері деген не?	3
1.5	Сандық құрылғының фингерпринті деген не?	3
2	Кукилер, ұқсас технологиялар және тіркеу деректері қалай қолданылады?	3
2.1	Өте қажетті кукилер және тіркеу файлдары, кукилер мен ұқсас технологияларды кәсіби мүдде мақсатында пайдалану	3
2.1.1	Желі сауалнамаларының сапасын қадағалау	3
2.1.2	Порталдардың жұмысын жақсарту	3
2.1.3	Капча қалай қолданылады	4
2.1.4	Онлайн сауалнамалар барысында сандық құрылғының фингерпринттері қалай қолданылады	4
2.1.5	Порталдан және сауалнама кезінде жиналып, тіркеу файлдарына сақталатын деректер	4
2.1.6	Нарықты зерттеу жобалары желі арқылы өткізілгенде қатысушылардың жарнама шараларын пайдалану әрекеттері жайлы деректер жинау	5
2.2	GfK нарықты зерттеу бағдарламасы/панельдеріне қатысушы ретінде кукилер және ұқсас технологияларды пайдалануға ашық түрде рұқсат беру	5
2.2.1	Sensic.net	5
3	Кукилер саясатын өзгерту	6

Кукилер, соған ұқсас технологиялар және тіркеу файлдарына қатысты құпиялылық ескертпесі ("Кукилер саясаты")

Бұл кукилер саясаты онлайн панель мүшелеріне арналған веб порталдар ("Порталдар") және онлайн сауалнамалар ("Сауалнамалар") үшін қолданылады. Кукилер мен ұқсас технологияларды пайдалану және Интернет арқылы серверлерімізден өтінілген тіркеу файлдарын сақтау төмендегі шарттарға сай орындалады.

1 Кукилер, ұқсас технологиялар және тіркеу файлдары туралы

Кукилер, жергілікті сақтау орны, капча және сандық құрылғының фингерпринттері – барлығы бірге осы бөлімдегі түсініктемеде айтылғандай, "кукилер және ұқсас технологиялар" деп аталады.

1.1 Кукилер деген не?

Кукилер – сіз вебсайттарға кіргенде сіздің компьютеріңізге не мобильдік құрылғыңызға қойылатын шағын мәтін файлдары. "Бірінші жақ" кукилерін сіз кірген вебсайттар орнатады. "Үшінші жақ" кукилерін сіз кірген вебсайттан басқа домендер орнатады.

Вебсайт пайдаланушылары кукилерді бөгей ала ма?

Иә, кукилерді бөгеу үшін, браузерден құпиялылық параметрлерін реттеуге болады, бірақ бұның салдарынан көптеген вебсайттар дұрыс жұмыс істемей, браузер жұмысына әсер етуі мүмкін. Браузерді жапқанда барлық кукилерді жою опциясы ұсынылуы ықтимал. Бірақ бұл опция жиі кіретін вебсайттар үшін таңдаған жеке параметрлеріңіз сақталған кукилерді қоса жояды. Дегенмен, қажетті кукилерді қалдыру мүмкіндігі бар: браузер қай вебсайттардан кукилерді әрқашан пайдалану немесе мүлдем пайдаланбау мүмкіндігін таңдауға рұқсат береді.

1.2 Жергілікті сақтау орны деген не?

Кукилер сияқты, **жергілікті сақтау орны** технологиясы вебсайттарға ақпаратты компьютерге немесе мобильдік құрылғыға сақтауға мүмкіндік береді. Жергілікті сақтау орны әдетте тұрақты келеді және кукилер сияқты емес, жергілікті сақтау орнына сақталған деректер вебсайтқа пайдаланушылар кірген сайын автоматты түрде желі арқылы аударылмайды.

1.3 Капча деген не?

Капча (компьютерді адамнан айыру үшін қолданылатын толығымен автоматтандырылған ашық Тьюринг тесті) – шынайы пайдаланушыларды компьютер бағдарламаларынан (бот) айыру үшін вебсайттан берілетін веб үлгіні толтыру сияқты автоматты тапсырмалар.

1.4 Тіркеу деректері деген не?

Тіркеу деректері пайдаланушылар вебсайттарға кіргенде вебсайт операторлары серверлеріне сақтайтын желі және құрылғы деректері.

1.5 Сандық құрылғының фингерпринті деген не?

Сандық құрылғының фингерпринті – сіз кірген вебсайтқа көрсетілетін жалғанған құрылғы және/немесе веб браузерінің сипаттары мен төлсипаттары жинағынан жасақталған бірегей анықтағыш.

2 Кукилер, ұқсас технологиялар және тіркеу деректері қалай қолданылады?

2.1 Өте қажетті кукилер және тіркеу файлдары, кукилер мен ұқсас технологияларды кәсіби мүдде мақсатында пайдалану

Кукилер мен ұқсас технологияларды пайдалану және Интернет арқылы серверлерімізден өтінілген тіркеу файлдарын сақтау кукилер саясатына сай орындалады. Қолдану мақсаттары:

- тиісті деңгейде порталдар мен сауалнамалар жұмысы және қауіпсіздігі үшін,
- нарық зерттеуші және вебсайт операторы ретінде кәсіби мүддемізді қорғау үшін жұмыс сапасын қамтамасыз ету мақсатында, әсіресе спам анықтау және тоқтату, сауалнамаларды машина көмегімен аяқтау немесе бір сауалнамаға бір адамның қайта қатысуын бақылау сияқты мақсатынан тыс пайдалану және алаяқтық жағдайларының алдын алу, жарнама шараларын нарықты зерттеу жобаларына желі арқылы қатысушылардың пайдалану әрекеттерін бақылау үшін,
- портал және онлайн сауалнамаларының сапасын жақсарту мақсаттарында.

2.1.1 Желі сауалнамаларының сапасын қадағалау

Біз GfK домендерінің кукилері мен жергілікті сақтау орны деректерін (сауалнама доменінен басқа домендер мен қосымша домендерді қоса) сіздің құрылғыңызға орнатамыз және бұған бірегей анықтағыштар да кіреді. Содан кейін сақталған мәндерді сауалнамаға кіру кезінде сауалнамаға бір құрылғыдан қайталай кіріп, сауалнаманы қайталай аяқтау жағдайларын анықтау үшін пайдаланамыз. Егер сіз өзіңіз жойып жібермесеңіз, біз ондай кукилерді ең ұзақ дегенде 2 жылға орнатамыз. Жергілікті сақтау орнындағы деректер тұрақты болады. Бірақ оларды қолмен жоюға болады.

2.1.2 Порталдардың жұмысын жақсарту

Біз порталдарды пайдалану сапасын үздіксіз жақсартып отыру мақсатында оларды пайдалану жолдарын түсіну үшін құпиялылығы қорғалған веб сараптаушы Matomo кукилерін пайдаланамыз. Деректер, оның ішінде Matomo арқылы жиналған жеке деректерді сыртқы үшінші жақтарға бермейміз. Matomo арқылы жиналған IP (Интернет протоколы)

мекенжайларын мүлдем сақтамаймыз. Matomo арқылы порталға кіру күні және уақыты, қолданылған экран ажыратымдылығы, пайдаланушының уақыт белдеуі, жүктелген файлдар жайлы ақпарат, пайдаланушы орны, оның ішінде елі, аймағы, қаласы, шамаланған ендік және бойлық деректері (IP мекенжайына негізделген географиялық орны), браузерде қолданылған негізгі тіл, операторлық жүйенің түрі мен нұсқасы, қолданылған браузер және портал бетіне кіруге дейін қаралған беттің Интернет мекенжайы (сілтеме URL) сияқты деректер жиналады.

Егер қолмен жоймасаңыз, `_pk_ref`, `_pk_cvar`, `_pk_id`, `_pk_ses` сияқты Matomo кукилерінің мерзімі екі жылдан кейін ғана аяқталады.

Matomo жайлы толығырақ ақпаратты <https://Matomo.org> мекенжайынан қараңыз.

2.1.3 Капча қалай қолданылады

Порталдарда арагідік өз қалауымызға қарай және сауалнамалар кезінде Google reCAPTCHA ("reCAPTCHA") қызметінің плагиндерін пайдаланамыз. eCAPTCHA – Google қызметі (Google LLC, 1600 Amphitheatre Parkway, Mountain View CA 94043, АҚШ ("Google")). Сіз reCAPTCHA плагині орнатылған (reCAPTCHA логотипімен көрсетіледі) порталға не сауалнамаға кіргенде, Google сіздің порталға не сауалнамаға кіргеніңіз жайлы ақпаратты, оның ішінде Еуропаның деректерді қорғау заңына сай жеке болып саналатын деректерді қоса жинауы мүмкін. Оған қоса, Google капчаны шешу деректерін жинап, сандық мәтін, аннотациялық суреттер немесе компьютерлік оқыту деректер жиындарын жасау үшін пайдалануы мүмкін. Сіз плагиндерді пайдаланғанда, Google жинайтын деректерді бақылау мүмкіндігіміз жоқ. reCAPTCHA плагинін пайдалану Google құпиялылық саясатына (<https://policies.google.com/privacy>) және reCAPTCHA кезінде көрсетілетін қызмет көрсету шарттарына (<https://policies.google.com/terms>) сай орындалады және сіз оларды қабылдайсыз.

2.1.4 Онлайн сауалнамалар барысында сандық құрылғының фингерпринттері қалай қолданылады

Құрылғы деректері, оның ішінде операторлық жүйе, браузер, плагин нұсқалары сияқты деректер жиналып, таңбалар тізбегінен тұратын бірегей фингерпринт жасайтын алгоритм үшін қолданылады. Бұл фингерпринттер сауалнама дерекқорына сақталып, кукилер мен жергілікті сақтау орнына орнатылған бірегей анықтағыштармен тексеріледі. Алгоритм үшін жиналған деректер сақталмайды және жасалған фингерпринттің бастапқы мәндерін шығару үшін қайта бөлшектеу мүмкіндігі жоқ.

2.1.5 Порталдан және сауалнама кезінде жиналып, тіркеу файлдарына сақталатын деректер

Ақпараттың мына түрлері, оның ішінде жеке деректер жиналуы мүмкін:

- Жалғанған құрылғының интернет протоколының (IP) мекенжайы және IP мекенжайынан анықталған жалпы физикалық мекенжайы (елі, аймағы, қаласы),
- Жалғанған құрылғы түрі және ондағы операторлық жүйенің түрі және нұсқасы сияқты ақпарат,
- сандық құрылғы фингерпринті (онлайн сауалнамалар барысында),
- қатысушының анықтағыш нөмірі (онлайн сауалнамалар барысында): бұл дерек бізге сіз GfK немесе нарықты зерттеу бойынша серіктес жабдықтаушыдан келген электрондық шақыруда берілген сауалнама еренсілтемесін басқанда жіберіледі.

2.1.6 Нарықты зерттеу жобалары желі арқылы өткізілгенде қатысушылардың жарнама шараларын пайдалану әрекеттері жайлы деректер жинау

Біз АҚШ-тың Сиэтл қаласындағы TUNE ұсынған hasoffers.com қызметтерін ("TUNE") желі панельдері сияқты нарықты зерттеу шараларына қатысушылардың жарнама науқандарын пайдалану әрекеттерін бақылау үшін пайдаланамыз. Жарнамалық баннерлер, электрондық хабарлар, әлеуметтік желі жазбалары сияқты сілтемелерден келген трафик статистикасын және трафиктің қай елдерде және аймақтарда орын алғаны жайлы ақпарат жинаймыз. Портал бетіне GfK панелінің жарнамасындағы сілтемені басып өткен жағдайда ғана enc_aff_session деп аталатын куки hasoffers.com тарапынан қойылады. Бұл куки GfK-ға қолжетімді мына деректерді сақтайды және параметрі солай реттелсе, мына деректерді, оның ішінде жеке деректерді TUNE компаниясына жібереді:

- Сіз басқан қандай да сілтеме анықтағышы және қай вебсайттан басылғаны жайлы дерек
- Деректерді қорғау заңдары рұқсат ететін дәрежеде және <http://www.hasoffers.com/privacy-policy/> вебсайтындағы TUNE құпиялылық саясатына сай, IP (Интернет протоколы) мекенжайы
- IP мекенжайынан және/немесе WiFi желісі жайлы деректерден алынған жалпы географиялық орны

Кукилер ең ұзақ дегенде 30 күннен кейін жойылады.

Құрылғыңызда жоғарыда аталған куки орнатылған жағдайда, hasoffers.com сізге алда жеке қызығушылыққа негізделген жарнама көрсетпейтін болады.

2.2 GfK нарықты зерттеу бағдарламасы/панельдеріне қатысушы ретінде кукилер және ұқсас технологияларды пайдалануға ашық түрде рұқсат беру

2.2.1 Sensic.net

Кукиге негізделген желі жарнамасының тиімділігін зерттеу және желілік медиа мен аудитория өлшемін анықтау жобалары үшін қолданылатын sensic.net домені біздің меншігіміз болып табылады. Sensic.net куки саясатын мына мекенжайдан қараңыз: <https://www.sensic.net/>.

Sensic.net кукилерін порталдар және сауалнамалардан пайдаланбас бұрын, қандай да нарықты зерттеу жобасы аясында, әдетте онлайн панель аясында сіздің келісіміңізді сұраймыз.

3 Кукилер саясатын өзгерту

Қалауымызға қарай кукилер саясатын өзгерту және осы кукилер саясатына кез келген уақытта өзгертулер енгізу құқығын сақтаймыз. Сондықтан, қажет болған жағдайда осы кукилер саясатына жүгінгеніңіз дұрыс болады. Осы кукилер саясатының соңғы рет өзгертілген күні жоғарыда көрсетілген.